

Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және  
экология орталығы

Бекітемін:  
ОЖТЖЭО директоры  
\_\_\_\_\_Фомин В.П.

**«Батыс өңірі - сарматтар мекені»  
археологиялық өлкетану жорығының  
ЕСЕБІ**

**Маршруты:** «Орал қаласы – Пойма ауылы – Индустриалды аймақ (Теректі  
ауд.) – Орал қаласы»

**Уақыты:** 22-24 маусым 2016 жыл

**Маршруттық бет:№ 60 (АПП)-2016**



**Топ жетекшісі:** Қайрлиева Қ.Ж.  
ҚББ педагогы

Орал қ.- 2016 ж.

## 1. Саяхаттың анықтамалық ақпараты

### А) маршрут төлқұжаты

1. **Саяхат ауданы:** Теректі ауданы
2. **Маршрут тізбегі:** «Орал қаласы – Пойма ауылы – Индустриальный аймақ –Орал қаласы»
3. **Маршруттық жалпы ұзындығы:** 85 (сексен бес) шақырым  
Оның ішінде жаяу 5 шақырым
4. **Саяхат уақыты:**22-24 - маусым 2016 жыл.
5. **Туризм түрі:** авто-жаяу туризмі
6. **Қиындық дәрежесі:** далалық жорық
7. **Маршрут ММҚ қаралды:** 21 маусым 2016 жыл
8. **Маршруттық бет №60 - АПП- 2016 ж.**

### В) Топ құрамы:

№	Қатысушының аты -жөні	Туған жылы	Топтағы міндеттері	Туристік тәжірибесі
1	Аманкелді Ерлан	25.05.07	Өлкетанушы,	3-ші жыл
2	Мухамбетова Динара	30.11.02	Дәрігер, аспаз	3 -ші жыл
3	Тұрақ Наргиз	12.03.03	Аспаз	3-ші жыл
4	Сағидуллин Финият		Фотограф, өлкетанушы	3 -ші жыл
5	Хамидуллин Мади	01.07.03	Тілші	3-ші жыл
6	Қуанов Темірболат	19.07.02	Капитан	3-ші жыл
7	Сайлауов Алихан	19.09.03	Өлкетанушы	3 -ші жыл
8	Рысқали Ару	26.08.03	Мәдени шаралар ұйымдастырушы	І-ші жыл
9	Қайрлиева Қ,Ж.	01.12.66	Жетекші	І -ші жыл

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 2016 жылдың 22-24-ші маусымында облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының өлкетану бағытындағы №26 ЖББОМ-н «Мұрагер» үйірмесінің /жетекшісі Қайрлиева Қ./ үйірмешілер жасады.

Жорықтың басты мақсаты Қазақстан Республикасының 25 жылдығына ұйымдастырылды. Осы жылдар арасында орталықтың жас өлкетанушылары жыл сайын жүргізілетін жорықтар мен экспедициялар арқылы «Балалар туризмі тарихы» мұражайын жәдігерлермен толықтырып, өлке тарихы туралы іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

**Жорықтың міндеттері:**

- тарихи-танымдық ескерткіштермен таныстыру;
- оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру: денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- өсімдіктер және жан-жануарлар әлемімен танысу;
- экологиялық ерекшеліктерін тану, зерттеу;
- этнографиясын, топономикасын зерттеу, жинау

## **2. Жорықты ұйымдастыру**


**Бағдардың мақсаты:** жас ұрпақты азаматтыққа және патриоттыққа тәрбиелеу, өлкетану ісіне баулу, рухани - мәдени мұраларды сақтау, тарихын танып білу, экологиялық ахуалымен, жағдайымен танысу, өлкеміздің жеті кереметін зерттеу және ішкі туризмді дамыту.

**Бағдардың міндеттері:**

- тарихи-танымдық ескерткіштермен таныстыру;
- оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру: денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- өсімдіктер және жан-жануарлар әлемімен танысу;
- экологиялық ерекшеліктерін тану, зерттеу;
- этнографиясын, топономикасын зерттеу, жинау.

**Бағдар алды дайындық:** жорық жобасы, дайындық жоспары, жорық маршруты, шығындар сметасы, эмблема, вымпел жасақталып, жорыққа қатысушылардың тізімі бекітілді. Жорықты белгіленген мерзім аралығында өткізу үшін азық-түлік, медициналық қобдиша, жөндеу қобдишасы, фотоматериалдар алынып, жол жүру құжаттары жасақталып, экспедицияға қатысушылардың топтық міндеттері бөлініп, тапсырмалары берілді. Жорыққа қатысушылар жол жүру ережелерімен танысып, сынақ тапсырды.

### 3. Жорық картасы





**Жөндеу құралдары**

Атаулары	Саны
Ине	1
Тебен ине	1
Жіптер орамы	2
Кендір жіп орамы	1
Изолента	2
Әмбебап желім	2
Қайшы	1
Біз	1

**Медициналық дәрі дәрмектер**

Атаулары	Саны
Стерилді бинт	2
Мақта	200 гр
Лейкопластарь	2
Градусник	1
Йод	1
Маргансовка	1
Зеленка	1
Медициналық спирт	200гр
Аммиак	1
Анальгин	2
Парацетамол	2
Антигриппин	2
Нафтезин	1
Валидол	1
Жгут	1

**Жүктің салмақтары**

Атаулары	Азық түлік 1 адамға	Топқа	Ескертпе
Азық түлік	4 кг	36 кг	
Топтық жабдықтар	1 кг	9 кг	
Жеке жабдықтар	2 кг	18 кг	
Барлығы	7 кг	63 кг	

Рұқсат етілген жүктің салмағы бір ер балаға: 15, бір қыз балаға 7 кг

#### 4. Жорықтың негізгі бөлімі:

**Жорықтың басты мақсаты:** Қазақстан Республикасының 25 жылдығына ұйымдастырылды. Осы жылдар арасында орталықтың жас өлкетанушылары жыл сайын жүргізілетін жорықтар мен экспедициялар арқылы «Балалар туризмі тарихы» музейін жәдігерлермен толықтырып, өлке тарихы туралы іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Жорықтың тапсырмалары:

1. Теректі ауданының тарихы;
2. Сарматтардың тарихы;
3. Экспедицияның есебі.

Мерзімі	Уақыты	Ауа райы	Жолдың жағдайы
1 –ші күні	22.06.2016	32 <sup>0</sup> С	Асфальт, жайын жол

Жорықтың алғашқы күні таңғы сағат 07.00 де автовокзалға жиналды. 07.40 «Орал қ. – Переметный а.» автобусына мініп, 09.30 да Пойма ауылына түстік. Пойма ауылының Тәуекел шаруа қожалығының қасына түсіп жаяу 2 км жол жүрдік. Оңтүстікке қарай орман жолағын кесіп өтіп, археологтар қазып жатқан жерге жол тарттық. Рюкзактар ауыр, күн қатты ыссы. Шегірткелер шөптерді сауып кеткен.

Біз археологтар қазып жатқан жерге сағат 11.20 жеттік. Қазба жұмысы Пойма ауылының оңтүстігінде жүргізілуде. Оған археологтар «Индустриальды аумақ» деп ат қойған. Себебі, бұл жерде 5 завод салынады деп айтылған. Бізді қарсы алған қазба жұмысының басшысы Денис Валерьевич Марыксин аумақтан 13 қорған табылғанын атты. Балалар өте көңілді. Шатырымызды құрып, заттарымызды орналастырып, бивуагымыздың айналасын жинақтадық. Археолог ағалар бізге көлеңке жасауға көмектесті. Біз отын жинап келдік. Қыздар түскі астың қамына кірісті, ал ұлдар қазба жұмысы туралы тыңдап, жасайтын жұмысымыздың көлемімен танысты.

Алексей Евгеньевич Степанов археология қызметінің қыр-сырын таныстырды. Оның айтуынша.

- 1) Фотоға түсіреді;
- 2) Суретін салады;
- 3) Жоспарын құрады;
- 4) Тереңдігін, биіктігін, ұзындығын өлшейді;
- 5) Сипаттап жазады;
- 6) Зертханаға тапсыру үшін жәдігерлерді сыртқа орап шығарады.

13.00-де түскі асымызды ішіп болып, демалдық.

Сағат 16.00 –де бізге бір обаны қазуға тапсырма берді. Біздің ғылыми жетекшіміз болып Яна Аманкелдиевна Лукпанова тағайындалды. Біз № 9 қорғанда жұмыс жасайтын болдық. Ол бізге сарматтар туралы толық әңгімелеп берді.

18.00-де археологтар үйлеріне қайтты, ал біз тамақ ішуге отырдық. Даладағы тамақ қандай тәтті! Кішкене демалғаннан кейін ойындар ойнадық. Біздің бағымызға түнгі сағат 10-ға дейін маса болған жоқ. Ал оннан кейін масаны көрсеңіз... Тіпті сыртқа шыға алмайсың... Бұл күніміз өте қызықты болды, алған әсеріміз тіпті керемет, құдды бір сарматтар дәуіріне кіріп кеткендей болдық. Көзімізді жұмып, еріксіз ұйқы құшағына тарттық...

Мерзімі	Уақыты	Ауа райы
2 –ші күні	23.06.2016	34 <sup>0</sup> С

Таңертең ең бірінші Мәди тұрып от жақты. Апайымыз (Құралай Жауынбайқызы) таңғы астың қамына кірісті. Қыздарымыз шай жасады. Маса тұнып тұр!!! Масаға шашатын уды шашып - шашып жіберіп таңғы асымызды іштік. Балалар қуана орындарынан тұрып археологтарды қарсы (олар сағат 09.00 келіп кешке 18.00 кететіндіктен) алды. Қызу жұмысқа кірістік. Яна апайымыз кешегі қазылған ободағы жәдігерлерді сырқа шығару, оларды орау, белгілеу, сыртына жазу туралы әңгімеледі.

Сайлауов Алихан екеуі №1 обадан табылған кексе әйелдің сүйегін шығарды. Молаға кірер жерде баспалдағы, ағаш бөрене бар. Жерленген әйелдің басы оңтүстікке қаратып, ұзынынан қойылған. Бас жағында қоладан жасалған айна бар. Екі қолына темірден жасалған білезік кигізілген, моншақтың тастары табылды. Екі аяғы атқа мінгендей доғал түрінде жерленген. Аяғының астында 3 құмыра орналастырылған. Біреуі үлкен, екеуі кішкентай. Екі темірден жасалған жебенің ұшы табылды.

### **Өлкетанулық мәліметтер (интернеттен алынған):**

**Сарматтар** — көне дәуірде Қазақстанның батыс өлкелерін, Оңтүстік Орал алқаптарын мекендеген, үлкен тобы Еділден батысқа қарай өтіп, Солтүстік Қара теңіз өңірлерін жайлаған тайпалардың шартты атауы. “Сарматтар”, “Сарматия” сияқты атаулар антик дәуірінің жазба деректерінен келген және көптеген тайпалар мен олардың одақтарына таңылатын жалпылама ұғым болып табылады.

#### **Жалпы мәлімет**

Сарматтар туралы деректер өте аз. Бұл тайпаның аты б. з. б. III ғ. бастап тарихқа кірген. Сармат тайпалар одағы Батыс Қазақстан өңірінде өмір сүрген. Б. з. б. III - б. з. -дың IV ғасыры аралығында Тобыл мен Дунай аралығын мекендеген тайпалар. Олар алғашында б. з. б. VIII ғасырда «савроматтар» деп аталған. Б. з. б. II ғасырдан бастап Оңтүстік Оралды, Еділ бойын, Қазақстанның батыс аумағын қоныстанған. Б. з.-дың IV ғ. ғұндардан жеңіліп батысқа қарай қоныс аударған. Жауынгер сармат тайпалары дах (дай) - массагет, исседондармен туыстас болып келген. Сарматтар тілі иран тілінен түрік тіліне ауысқан. Сарматтардың құрамында роксоландар, алаңдар, аорстар, сирактар т. б. тайпалар болған.

**Мәдениеті.** Сарматтар мәдениеті үш кезенді қамтиды. ерте сарматтар мәдениеті (прохор) орта сарматтар мәдениеті (Суслов) кейінгі сарматтар мәдениеті.

Сарматтар қыш ыдыстар, сақина, білезік сияқты әшекей заттар жасаған. Б. з. II-IV ғғ. Сарматтардың аса ірі археологиялық ескерткіші - жерлеу орындары (Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында) табылған. Олар кейінгі сарматтар мәдениетіне жатады. Қабірге қасында түрлі әшекей заттары бар әйел жерленген.

III-V ғғ. зергерлік өнерге түсті металдардың ішінен алтынды көп қолданған. Осы кезде Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың арасында зергерлік өнерде «полихромдық стиль» кең тарады. Қазақстанда б. з. VII - V ғғ. бұл стильдің екі түрі дамыды: безендіру, зерлеу әдістері. Сондықтан да «полихромдық стиль» б. з. I-мыңжылдықтың басында туды деген болжам бар.

**Шаруашылығы.** Көшпелі мал шаруашылығымен, отырықшы өмір сүріп егіншілікпен айналысқан. Сармат тайпалары Еуразияның саяси-экономикалық және мәдени өмірінде елеулі рөл атқарған одақтар мен мемлекеттер құрамына кірді. Грек деректерінде С. б.з.б. 4 ғ-дан, яғни олардың Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал өлкелерінен батысқа қарай жылжуы басталған кезден бастап кездеседі. Осы кезде, яғни б.з.б. 339 ж. Қара теңіз скифтерінің атақты патшасы Атей өліп, бұдан соң Скифияда үлкен саяси-экономикалық дағдарыс қалыптасады. Ғылыми тұжырымдамалар скифтер мемлекетіндегі осы қиындықты пайдаланған Сарматтардың шығыстан жылжыған түрлі топтары үнемі соғыса отырып скифтерді түпкілікті талқандағанын көрсетеді. Б.з.б. 2 ғ-ға қарай Қара теңіз скифтерінің патшалығы аумағында Сарматтар билігі орнайды. Соғыс өнерін жете меңгерген Сарматтар Риммен әскери қақтығыстар жасап отырды. Император Август



тұсында жасалған Рим әлемінің картасындағы 24 облыстың 9-ыншысы “Сарматия” деп аталған. Страбонның “Географиясында” (б.з.б. 65 ж. — 25 ж.) язығ, роксолан, аорс, сирак сияқты сармат тайпаларының аты беріледі. Қазіргі ғалымдар алдыңғы екеуін еуразиялық, ал кейінгі екеуін азиялық Сарматияға жатқызады. Сарматтардың бұдан кейінгі тарихы да қымғуыт соғыстар мен жорықтарға толы. Б.з.б. 1 ғ-дың соңына қарай әуелі Дон маңында, кейінірек Қара т. өлкелерінде “алан” тайпалық одағы қалыптасып, көп ұзамай Сарматтардың басқа да топтарын өзіне қосып алады. Еуропадағы сармат-аландардың патшалығы бұдан соң германдық готтардың, түркі тілдес ғұндардың араласуымен тікелей байланыста дамыды. 4 ғ-дың соңында ғұндар аландарды талқандап, өздеріне қосып алғаны белгілі. Сарматтардың тарихын, оларға қатысты түрлі оқиғаларды сараптауда көне грек, рим деректері басшылыққа алынса, мұны қосымша нақтылауда, әсіресе тайпалардың мәдени-шаруашылық мінездемесін жасауда қазіргі заманның археологиялық деректері аса зор рөл атқарады..

### **Грек, рим тарихшыларының мәліметі**

Тарихи деректерде алғаш рет б.з.б VIII ғасырда сарматтарды савроматтар деп атаған. Савромат жөнінде грек, рим тарихшылары Диадор, Үлкен Плиний, Полибий жазу бойынша савромат-сармат тайпалары Орталық Азия мен Қара теңізі өңірі мәдениеттерін байланыстырды. Сармат тайпалары көршілес Босфор мемлекетімен байланыс орнатып, Алдыңғы Азия Солтүстік Кавказға, Парфияға жаулаушылық жорықтар жасады.

### **Грек тарихшысы Геродот қалдырған мәлімет бойынша:**

Савроматтар скиф тіліне өте жақын тілде сөйлеген;  
Қауымдағы ерлер мен әйелдер тең саналған;  
Савроматтар дах, массагеттермен, исседондармен туыстас келген;

### **Археологиялық ескерткіштері**

Б.з.б. 4 ғ. басында савроматтар Доннан Ембіге дейінгі территорияны алып жатты. Осы кезде олардың екі мәдениеті қалыптасты. Олар: Батыс Болғар-Дон мәдениеті, және Шығыс-Орал мәдениеті. Сармат тайпалары (ерте - Прохоров мәдениеті) өлген адамның қабырын балшықпен сылап не таптап, өлген адамды басын түскейге қаратып, шалқасынан жатқызып қоятын болған.

Екінші кезеңде (орта - Суслов мәдениеті) б.з.д. 2-ғ. соңынан б.з. 1-ғ. басына дейін қабыр құрылысының түрлері өзгермейді. Бірақ іші көмкермелі молалар саны кемиді. Жасанды үңгірлер жоғалады. Эктастан жасалып, обалар астындағы қабырға қойылатын антропоморфты — адам бейнелі мүсіндер табыну бұйымдарына жатады. Үстірттегі Бәйіт табыну кешені белгілі. Ол обалар мен скульптура сынықтарынан тұратын үш топ ескерткіш. Мұндағы мүсіндер эктастан қашалып жасалған. Олардың кескін-келбеттері, қару-жарақтары ойылып жасалынған.

Кейінгі сарматтар Орал, Еділ, Дон өңірін, Орал сыртындағы даладан Буг өзеніне дейінгі аралыққа тараған. Бұл б.з. 2-4 ғғ.Өлген адамдары іші көмкерілетін тар қабырларға жерленген.

**Шаруашылығы.** Негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Жылқы мен қой өсірген. Иран тілдес болған. Жылқыны тебіндеуге үйренген түрлері және жорыққа мінітін қазанаттар өсірген. Еділ-Жайық бойын, Қара теңіз жағалауын мекендеген сарматтар малшылықпен қатар егіншілікті де игерген.

**Тұрмысы.** Сарматтар қыс кезінде қысқа тон киіп, қайыс белбеу таққан, аяқтарына қысқа қонышты етік киген, кең шалбарының балағын етіктің қоншына салған. Әйелдері де ерлерше киінген, алайда олардың киімдері әртүрлі әшекейлермен безендірілген.

Сарматтардың ыдыстары қыштан және металдан жасалған. Қыш құмыралардың түбін шұңғыл әрі жайпақ етіп жасаған. Тамақ пісіретін қазандарды темірден құйып жасаған. Обаларда шыныдан жасалған ыдыстар да кездескен, бірақ оларды өздері жасамаған, шығыс елдерінен алғызған. Сарматтар кейбір торсық, саба, көнек, мес сияқты ыдыстарды теріден жасап пайдаланған.

#### Зергерлік өнер

3-5 ғғ. «полихромдық өнер» дамыды. Тек алтын қолданылды. Полихромдық өнерге әшекейлердің түрлі техникасы тән. Жиі кездесетіндері түрлі-түсті тастармен безендіру (инкрустация), зерлеу, оқа жүргізу, жалату т.б. Бұл өнер Моңғолиядан, Орта Азиядан ғұндардың келуімен байланысты. Бұл әшекейлер Ертістің жоғары жағынан (Шілікті), Орталық (Жыланды), Батыс Қазақстан (Бесоба) қорғандарынан табылды.



**Яна Аманкелдиевна** 1996 жылы БҚМУ-дың тарих факультетін бітірген. 2005 жылдан бері БҚО тарих және археология орталығында ғылыми қызметкер болып жұмыс жасайды. 2005-2016 жылдары Қырықоба ІІ, ІІІ, Төңкеріс І, Ақсай ІІІ, Облавка и Жайық қалашығы, Тақсай ғылыми экспедицияларына қатысқан. Зерттеу бағыты: «Ранние кочевники Западного Казахстана (б.з. VI-III ғ.ғ.)»

#### Археологпен сұхбат:

##### 1) Сарматтар қорғандары екенін қалай айырасыз?

Сарматтар қорғандары ерте темір дәуірінде Қазақстанның батыс өлкелері мен Оңтүстік Орал далаларын мекендеген көшпелі тайпалар қалдырған түрлі археологиялық ескерткіштер жиынтығы.

Сарматтар мекенінің алғаш қанат жайып қалыптасқан аумағы Еділден шығысқа қарай орналасқан өлкелер. Ғылыми пайымдаулар бойынша, осы жерлерде, ең алдымен, Ор мен Елек өзендері алқаптарында, Жайық далаларында ерте С. м. (б.з.б. 7 — 6 ғ-лар мен 1 ғ. аралығы) қалыптасқан. Бесоба, Сынтас сияқты қорымдардан алынған деректер осы кезең жайлы құнды мәліметтер берді, сондай-ақ қазір зерттеліп жатқан Қырықоба үлкен қорымы, Тақсай қорымы маңызды нысандар қатарына кіреді. Сармат қорымын жерлеу рәсімінен, қойылған құмыраларынан айырамыз. Сармат кезеңіне жататын семсер, қанжар, жебе сияқты қару түрлерінің, ат әбзелдерінің, түбі дөңес қыш көзелердің, айналар мен тас құрбандық ыдыстардың, аң стилімен сомдалған бұйымдардың тұрақты сипаттамалары жасалған.

Сармат тайпаларының үлкен бөлігінің батысқа жылжыған уақытымен сәйкес келетін бұл кезеңдердің ескерткіштері шашырай таралып, аз табылған және біршама өзгерістерге ұшыраған.

##### 2) Алтын қаншайымды тапқанда қандай сезімде болдыңыз?

Ия, Алтын ханшайым 2012 жылы осы Теректі ауданының Тақсай обасынан табылды. Ең бірінші бас киімінің ұшы көрінді. Сосын әшекейлері көрінді. Мен қуанғанымнан бүгін жұмыс бітті депмін. Ағаш пен сүйекке жасалынған радиокөміртегі (С14) сараптамасы бұл қабірдің біздің дәуірімізге дейінгі (б.д.д.) VI ғасырдың соңы мен V ғасырдың басына жататынын анықтап отыр.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесі Тақсай қорғанында жерленген адамның әйел екенін, өз қоғамында биік дәрежеге ие болғанын көрсетті. Марқұмның қолы мен мойнында көптеген алтын әшекей бұйымдары болған, киімі мен бас киімі де ерекше әдіптелген, әсіресе, бас киімі ерекше. Моланың бір бұрышында ерекше тәртіппен қойылған рәсімдік бұйымдар бұл әйелдің бақсы-балгер қызметін атқарғанын көрсетеді. Сол кездегі сенімге сәйкес, бақсы әйелге о дүниеде қызмет етуі үшін екі әйелді өлтіріп, аяқ жағына бірге жерлеген көрінеді.

<b>Мерзімі</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Ауа райы</b>
<b>3 –ші күні</b>	<b>24.06.2016</b>	<b>30<sup>0</sup>С (күн бұлтты)</b>

Таңертеңгі астан кейін біз бастаған №3 обаға келіп қазу жұмысына кірістік. Тереңдігі 1 метрден асқанда үлкен шіріген бөрененің сынған бөлігі табылды. Бөрененің диаметрі үлкен, шамамен 15 см болады. Ол сынып ортасына түскен. Бізге одан әрі қазуға рұқсат етпеді. Ендігі жұмыс еппен жасалатындығын түсіндірді. Түскі астан кейін біз жиналып жолға шықтық. Балалар шаршаған, бірақ әлі қызықтары басылмаған. Әкелген сулар лезде ысып кетеді. Жуынатын жер жоқ. (Әжетханаға баратында бір қалтарыс жоғы да қиын!) археологтар бізбен қимай қоштасты. Олардың ойынша «біз – табанды, еңбекқор, шыдамды балалар екенбіз... әрі олардың жұмысына кішкене болсада шырай келтіргенімізге қуаныштымыз.» Бізді тамыз кезінде болатын қазба жұмысына шақырды.

#### **Үш күндік жорықтан не үйрендік?**

- 1) Төзімділікті, шыдамдылықты, табандылықты;
- 2) Адамдармен тіл табысуды, сұхбаттасуды, пікірлесуді;
- 3) Достық қарам-қатынасты, жанашырлықты;
- 4) Үнемділікті, өзін-өзі басқаруды;
- 5) Білім мен біліктілікті тереңдетуді үйрендік.

**Мақсат: «Менің Отаным - Қазақстан» слетіне дайындалу!!!**

#### **Пайдалануға қажетті әдебиеттер:**

1. Гумилев Л. Көне түріктер. А., 1994.
2. Әбілғазы Б. Түрік шежіресі. 1992.
3. Кадырбаев Қазақстан в эпоху Чингиз хана и его преемников XII-XIV вв. А., 1992.
4. Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов. М., 1995.
5. Махаева А. Көне түріктердің рухани мәдениеті.
6. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 7-том А., 2002.

